



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Халықаралық білім беру корпорациясы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында адами капиталды дамыту мақсатында «Білімді ұлт» сапалы білім беру», «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға ықпал ететін көпсалалы университет болып табылады.

Университеттің қызметі сәулет, құрылыс және дизайн саласында мемлекеттік сектор, бизнес, нарықтың түрлі салаларындағы ұлттық және шетелдік компаниялар үшін тәжірибеге бағдарланған негізде жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Халықаралық білім беру корпорациясының сапаны қамтамасыз ету саясаты университеттің білім беру қызметтерінің жоғары сапа стандарттарын қолдауға, сондай-ақ оқыту, ғылыми зерттеулер мен инновациялар арасындағы байланысты қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл саясат сәулет саласындағы әлемдік жетекші мамандарды тарту; іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін ресурстық базаны қалыптастыру; тұрақты және экологиялық бағытталған тұжырымдаманы әзірлеу; студенттердің азаматтық кемелдігін арттыру және университет студенттері мен қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларын қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыруды көздейді.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты келесі бағыттарға негізделген: университет бағдарламаларына және ағылшын тілінде оқытылатын курстарға енгізілген үздіксіз білім берудің арнайы желілік ресурстарын жасау арқылы сапалы білім беру контентін қалыптастыруға;

шығармашылық емтихандардан өткен, жоғары мотивациясы мен креативті көзқарасы бар талантты талапкерлерді қабылдау арқылы сапалы контингентті қалыптастыруға;



университеттің кадрлық саясатын іске асыру үдерісіне кіріктірілген конкурстық рекрутинг арқылы сапалы персоналды қалыптастыруға, сондай-ақ нақты сектордан, бизнес құрылымдарынан мамандар мен сертификатталған жобалық менеджерлерді тартуға;

инновациялық экожүйені дамыту және Creative Hub стратегиялық бастамаларын жүзеге асыру арқылы сапалы инфрақұрылымды қалыптастыру.

Университеттің сапаны қамтамасыз ету саясаты университет қауымдастығының барлығы үшін: академиялық қызметкерлер, білім алушылар, әкімшілік және басқару құрамы үшін сапа мәдениетінің құндылықтарына негізделген. Осы мәдениетке сәйкес әрбір қызметкер сапаны қамтамасыз ету және оны арттыру бойынша өз міндеттері мен жауапкершілігін түсінеді.

Университет басшылығы сапа саясатын іске асыруда және сапа мәдениетін барлық мүдделі тараптар арасында қолдауда көшбасшы болып табылады.

Барлық университет қызметкерлерінің қойылған міндеттерді шешуге, академиялық сапаны арттыру арқылы өз қызметін жақсартуға белсенді қатысуы сапа саясатына адалдықтың көрсеткіші болып табылады.

Осылайша, Халықаралық білім беру корпорациясы университетті ұлттық және халықаралық деңгейде Қазақстанның сәулет, құрылыс және дизайн саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлаудағы көшбасшы ретінде тану үшін Сапаны қамтамасыз ету саясатын қатаң ұстанатын болады.

Ғылыми кеңес отырысында қаралып, бекітілді № 01 хаттама, «27» 09 2024 ж.

Ректор



М.Б.Имандосова